ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 28 мамыр №2301-24-00-2/970 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы С.К.Сапарбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Мақат тарихи өлкетану музейі» коммуналдық мемлкеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Балзира Сексеновна Кушенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері К.Айдаралиева, А.Аманиязова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 05 қаңтарда мемлекеттік сатып алу туралы №6 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға өрт/ күзет белгі беру/ өрт сөндіру жүйелеріне/ бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 67 777 теңге, орындау мерзімі – ай сайын, 2024 жылғы 31 желтоқанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, өрт/ күзет белгі беру/ өрт сөндіру жүйелеріне/ бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызметтер көрсету бойынша жұмыстар жасалмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 05 қаңтарда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №6 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға өрт/ күзет белгі беру/ өрт сөндіру жүйелеріне/ бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызметтер көрсетуге міндеттенген. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ай сайын.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, мекеменің өрт/ күзет белгі беру/ өрт сөндіру жүйелеріне/ бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар орындалмағанын көрсетті.

Сотқа ұсынылған 2024 жылғы 20 наурыздағы 01-7 №13 хаттан талап қоюшы жауапкерге міндеттеме шарт жасақталған күннен бері

Құжатқа қол қойылған: Дәуірешова О. Ш., 04.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Дәуірешова О. Ш., 05.07.2024
2301-24-3-1/1047

орындалмауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа жүгінетінін көрсеткен.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Мақат тарихи өлкетану музейі» коммуналдық мемлкеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Балзира Сексеновна Кушенованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Балзира Сексеновна Кушенова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Балзира Сексеновна Кушеновадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Даурешова О. Ш., 05.07.2024